



Республикалық адеби-жаркем және асуметтік журнал



Думан РАМАЗАН

1967 жылы Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданына қарасты “Қызылту” кеңшарында дүниеге келген. 1992 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетін бітірген. Республикалық “Халық кеңесі”, “Қазақ әдебиеті” газеттерінде бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарған. “Көкжал” атты прозалық кітабы жарық көрген. Қазақстан Жастар одагы мен Журналистер одагы тағайындалған Б.Бұлқышев атындағы сыйлықтың иегері.

ЖАТБАУЫР

Жан-жағын тау-жоталар қоршаған шағын ауылдың өкпе тұсынан өнмендей кірген үлкен қара джип автокөлігі шеттеу орналасқан ақ үйдің алдына келіп тоқтады. Машинадан екі адам түсті. Бірі – отызды орталап қалған жігіт ағасы да, екіншісі – ондар шамасындағы жас бала. Сәнді киінген, үсті-бастары жып-жинақы, қаланың адамдары екені көрініп түр.

Екеуі есік алдында аз-кем орысша шүлдірлесе қалды да, өзара макұлласқандай бір-бірлеріне бастарын изесе ішке кірді. Ас бөлмеде ақ сақалды ата мен ақжаулықты әже шүйіркелесіп шай ішіп отыр екен, бұларды көре сала жүздері жайнаң қағып, орындарынан көтеріле берді.

— Ой, қарақтарым-ая!..— дан басқа аузына сөз түспеген кемпір немересін бас салып, бетінен сүйіп, бауырны тартты. Бірақ, немересі құшағын жая ұмтыла койған жоқ, жақтырмаған кейіп танытып, меніреу адамша мелшип тұра берді. Оған қарап жатқан әжесі жоқ, асты-устіне түсіп, еміреніп-ақ жатыр.

Ақсақал алдымен ұлын құшақтады. Бетінен сүйіп, маңдайынан ііскеді. Ұлы да көптен көрмеген экесін қауыра құшақта, сағынғаның білдіргендей, қатты-қатты қысып қойды. Кезек шешесіне келгенде де көзінен мөлдір мойыншақтар қалай сырғанап кеткенін өзі де байқамай қалды. Анасы емес пе, баласын да айналып-толғанып, мейірленіп-ақ жатыр. Бірақ, қанша жерден қалбақ қаққанымен, немересі атасына да ыстық ықылас таныта коймады. Оның туған атасы мен әжесінің үйіне келгені қареріне кіріп те шығар емес, мұлде жат ортаға тап болғандай сезімде тұр. Аймалап бауырнына басқан атасының құшағынан сыйтылып шығып, жеңімен бетін сүрткіштей берді:

— Тфу, как он воняет!..— деп келе жатыр еді, әкесі «Всё хватит, прекрати» деп көзін алайта жекіп тастады. Абырой болғанда, оның не дегенін атасы мен әжесін түсіне койған жоқ. Атасы «Ой, есіп кетіпсің ғой, жігіт болды деген осы» деп келіп, басынан сипай беріп еді, немересі бұлт етіп, бұрылып кетті. Қолы ауада аз-маз асылып тұрып қалған ақсақалдың ашаң жузі лезде

сүрләніп шыға келді, бірақ жөпелдемеде артық-ауыз ештеңе айта қоймады. Қаны қашқан қалпында орнына сылқ етіп отыра кетті:

— Қалай, балам? Алматында не жаңалық, құдақұдағы аман ба? — Дауысы жарықшақтан шықты.

— Аман-есен! Сол өздерініз көргендей!..— деп кеудесін кере демін алып, сөзін әрі жалғады, — Сабина екеуміз осы каникулды пайдаланып Дубайға барып келсек деп едік!..

— Жайшылық па? — деді карт елең етіп.

— Ел көріп, жер танып дегендей, қыдырып қайтпақпыз!.. Даниялды қалдыратын жер таппай, өздерінізге алып келдім. Сіздердің қастарыңызда қалса, алансыз боламыз ғой. Әрі әкелмейсің деп ұрсушы едініздер, енді ие болыңыздар!

— Қалдыратын жер таппай...— Ығыбай ақсақал қытыға қалды, — Әйтпесе әкелмейтін бе едің?!.

— Е, неге ие болмаймыз, ие боламыз! — деді бәйбішесі оның сөзін жуып-шаймақ болып. — Немеремізге қарамай не көрініпти!..

— Құдалар қайда? — Шалдың дауысы катқылдау шықты. Кемпірдің іші қылп ете қалып, жөпелдете:

— Құдаларыңың қайда екенін қайтесің! Аман болса болды да! — деді оның алдын орап. — Қал-жағдайлары қалай, өзі?

— Құдағының Мысырға кеткен. Қайтар уақыты да болып қалды. Бір-екі күнде келіп қалар! — деді Ержан ағынан жарылып. — Ал құданыңда жай-жапсары өзінізге белгілі ғой, сеніп тапсыру киын. Әрі бала олардікі емес, сіздердікі ғой!..

— А, солай ма?.. — деді ақсақал жантайып жатқан күйі. Дауыс ырғағынан іште бір өкпе-реніш барлығы анық аңғарылады, бірақ басын ашып ештеңе айта қоймады.

Бібіжамал шешей қайыра шай қойып, дастарханга құрт-май, бауырсақ пен талқан, печение мен кәмпіттер әкеп қойды. Даниял бірден кәмпітке қол салды.

— Шеше, айраның бар ма? — деді Ержан анасына еркелеп, — Әбден сағындық қой!



– Бар, қарғам, бар. Қазір... – Босағадағы тегештен бір кесе айран құйып берді. – Даниал да ішсін!..

– Ой, бұлар айран іше ме? Жаманның ішіне май жақпайды деуші ме еді?!.

– Сүт құяйын!

– Бұл құдаларыңызға тартқан. Сүт түгіл, сүт қосылған шайды да ішпейді! Қара шай ішіп, кара наң жейді! Болмаса, сок-пок ... – деді күлімсіреп.

– Құдаларға тартқан... – Ақсақал ызбарлана түсті. – Енді туғаннан солардың тәрбиесінде болса, бізге тартады дейсің бе?!!.

Ержан артық қыламын деп, тыртық қылғанын сезе койды да:

– Тәрбиеленіз, сол үшін алып келдім ғой!.. Қазақша

үйретініз, енбекке баулыңыз! – деді ақталған болып. – Қарап жүргенше біруақ қолғабысы тисін! Аямаңыз, жұмысқа салыңыз! Қалада істейтін жұмыс та жоқ кой, жалқаулау. Ал мінезі өзінізге тартқан, тым тынымсыз, төбелес десе дайын тұрады.

– Ой, әдірем қал, әдірем қалғыр! Маған тартса жаман болмаса керек еді, нағашыларына ұқсан кеткен бе, қалай?! Енді біздің тәрбиеге көне қояр ма екен?!

– Неге қөнбесін! Ети де, сүйегі де өзініздікі, ешкім қолыңыздан қақпайды. Тіл алмаса, әкесін қөкесіне тантыңыз! Бізді аямауыш едініз ғой, керемет қоркушы еді!..

– Эй, «аюға намаз үйреткен – таяқ» екенін білесің ғой! Содан жаман болдыңдар ма?!!.

– Қоқе, мен сізді кінәлап тұрғамын жоқ, егер айтқанға қөнбесе аямаңыз дегенім ғой!

– Бұған қолымыз көтеріле қояр ма екен!

– Неге?

– Енді... өз баламыз емес.

– Сонда бұл кімнің баласы?

– Сенің балаң!

– Мен кімнің баласымын?

– Сен менің баламың, ал ол сенің балаң!

– Ой, сіз де... – Ержан қолын бір-ақ сілтеді, – Жарайды, қойыңызышы!..

– Ой, сен де бір қыртып-шыртканнан басқа не білесің! – деді кемпір шалына ала қөзімен ата қарап. – Қан-жынынды шашыратпай, жайыңа отырыш!..

– Сен қойшы-ей, қыстырылмай... – Ақсақал зірк ете қалды.

– Шеше, мен кетейін! – деді Ержан жүні жығылған кейіппен.

– Не болды сонша, келмей жатып кетем деп... – Шешесі үрпие қарады.

– Асығыспын шешей, арғы күні жол жүреміз!

– Эй, қызталак, кетпе, мен қой соямын, казір... – деді әкесі де өзінің артық кетіп қалғанын сезгендей, жуасыған сыңай танытып, – Жас малдың етін жеп, сорпа ішіп кет!..

– Жоқ, қоқе, жұмысым бастан асады! Кеше облыс орталығында болдық. Бүтін аудан әкімімен кездесуим керек еді! Бірлесіп бір іс бастағалы жатырмыз. Соған бола асығып тұрғаным. Әлі талай келем ғой!

– Сонда бүгін аудан орталығында боласың ба?

– Иә. Құдай бұйыртса, ертең таң сәріде шығып кетем ғой.

– Қайда қонасың? Сапарқулдікіне баrasың ба?

– Жоға, қоқе, қонатын жер табылады ғой!..

– Жарайды, онда! Байқап жүргейің. Барған соң міндетті түрде хабарлас!

– Жақсы...

– Мен сәлем-сауқыт беріп жіберейінші! – Шешесі бұрыла беріп еді, Ержан анасының қолынан тартып тоқтатып:

– Шешей, оны қайтесіз! Біз шетелге бара жатырмыз! – Даниялды алып кеткенде келем ғой!.. – деді.

Бәрі сыртқа шықты. Киім-кешек салынған сумкаларын машинадан түсіріп жатқанда Даниял:

– Я не хочу здесь оставаться!.. – деп жыламсырай бастап еді, әкесі «Что я тебе говорю. Прекрати...» деп қатты жекіп таstadtы. Ол аузы бұртиған қүйі томсырайшып кала берді.

Бибіжамал шешей ұлының бетінен сүйіп, құмастықпен қоштасты. Әкесінің де ашуы ізім-қайым жоғалып кеткен, өзін бір кінәлі адамдай сезініп, қалбак қақты. Ұлы ренжіп кетіп бара жатқандай, көңілі алабұртып, бойын өкініш сезімі биледі. Жүргегі ақырын шанши бастады. Қара джип өнешін соза бір-екі мәрте өкіріп-өкіріп алды да, орнынан қозғала берді.

– Сен де болмайтын жерде қытыға қаласың!.. – деді кемпірі шалына жақтырмай қарап, – Айына-жылына бір келгенде өнбес әңгімені қозғап...

– Эй, басымды ауыртпаши, мен соны бір жек көретіндей... Неге жи келмейді, неге бала-шағасын әкелмейді?! Ол қайдан шықты, өзі?! Осынау қасиетті қарашанырактан түлеп ұшқан жоқ па?! Баласы мынау, бір аузы қазақша білмейді... Әбден кісікік боп кеткен...

– Енді олар ойнап жүр дейсің бе?!. Жұмыстары көп, қолдары тие бермейді. Керіп отырысың ғой өзін, асығып-аптығып тамақ та іше алмай кетті.

– Эй, қойшы, жарайды, сенікі-ак дұрыс болсын! Қанша дегенмен өзіміздің қанымыз ғой, өз қолымызды өзіміз кесе алмаспай!.. Бала болса да көптен бері келіп тұрғаны осы ғой, қой сояйық!..

– Сойсаң сой, осылардан ненди аяйсың!

– Аятын ештеңем жоқ, тек кейде сол ойлағанда...

Іғыбай ақсақал үйден мал соятын өткір пышағын алып шықты да, жанында жаутаң қағып тұрған немересіне:

– Эй, жүр, қой союға көмектес! – деп еді, ол түк түсінбеген сыңай танытты. – Эй, жүр! – деді сосян қолын бұлғап, – Жүр, қызталак...

Атасының не айтып тұрғанын ұқпаса да, ымын түсініп, соңынан ерді. Екеуі мал қораға қарай жүрді. Даниял майдардан қорқып кейіндеу қалып қойды. Атасы қораға кіріп, бір семіз ісекті артқы аяғынан сүйреген күйі сыртқа алып шықты да, ешпен жерге жығып, аяқтарын мықтап байлан таstadtы. Осы кезде әкесі қастарына келіп, тізесін бүкті. Ақсақал жүрелей отыра қалып, бата жасады. Түкке түсінбеген Даниял түрегеп тұрған бойында атасы мен әкесіне жаутандай қарап,



солардың істегенін істеп, қос алақанымен бетін сипады. Әжесі бұған қарап жымиды да, басынан бір сипап, жөніне жүре берді. Ал атасы қойдың бас жағына тақап еңкейді де, қонышынан өткір пышағын суырып алып, «Биссмилла» деген көнірдектің жоғары жағынан ала орып-орып жіберді. Ісек жанталаса тыптырап, кор-кор етті, қып-қызыл қан сауылдай жөнелді. Бұндай көріністі алғаш көрген Даниялдың тұла бойы тітіркеніп кетті. Атасының қолындағы қанға боялған пышақта бір, тамағынан қан шашырап қыр-қыр еткен қойға бір жаутандап қарай берді.

Атасы қойдың әп-сәтте-ақ соып тастады. Жіліктерін жіліктеп, етін үлкен тегенеге салып, ас үйге апарып қойды да, қасына Даниялды ертіп мал жайғауға кірісті. Бірі қазакша, енді бірі орысша дым түсінбейтіндіктен, бірінің сезін бірі үқпай, әбден қиналды. Атасы бірекі мәрте жекіріп те алды. Әйтесуір қолымен көрсетіп жүріп, мал қаматты, қора тазалатты, ақырға шөп салдырыды. Өмірі қолына күрек пен аша ұстап көрмеген қаланың шөпжелкесі шаруаның ебі мен қыбын таба алмай әбден қиналды. Бәрінен де атасының айтқанын түсіне алмайтыны ашу-ызасын тудырды. «Қызық. Орысша білмейді. – дейді басын шайқап. – Осы уақытқа дейін қалай үйренбей жүр?!. Кеше ме, өзі?»

Әүпіріммен малды жайғап, қас қарая үйге кірді. Әжесі ет асып қойыпты. Сәлден соң дастархан жайылды. Ортаға ұстінгі жағына бас қойылған бір табак ет әкелінді. Атасы құлағын кесіп алып, бұған ұстартты. Ол оған жиіркене әрі бір, бері бір қарап, ақыры мұрынына тақаң бір искеді де, быжырына-тыжырына дастарханға тастай салды. Етті де жеп жарытпады, сорпадан мүлде дәм татпады. Сүмкасынан қағаз қапшықтағы алма шырынымен қоса кәүшік ыдыстағы қытырлауық бірдеңелдерді алып, жей бастады. Жас етке тыңқия тойып, екі-үш кесе сорпаны бір-ақ төңкерген атасы алақанын жайып, дастарханға бата жасады. Даниял болса ештеңемен шаруасы жоқтай, шырынын ішіп, қытырлауығын қытырлатып отыра берді. Бәрібір сезін ұқыра алмайтын болғаннан соң ба, атасы бұған сөйлемек түгіл, көз қызығын да салған жоқ.

Ақсақал сыртқа шығып келді де, жантайып жатып теледидар көруге кірісті. Әжесі дастархан жинастыра бастады. Даниял пешке тақау жайғасып отырды да, қалта телефонын алып, ойын ойнауға көшті.

Сейтіп отырып, ұйықтап кетіпти, тәнертең көзін ашса, атасы мен әжесі таңғы ас ішуге отырғалы жатыр екен. Бұның оянғанын көрген атасы:

– Эй, шай пит! – деді бар білетін орысшасымен.

Даниялдың ұйқысы елі қана қоймаған сияқты. Көзін ашып-жұмып біраз жатты да, тұрмаса сөз естітінін сезіп, еріне басын көтерді. Асықпай киініп, беті-қолын шала-шарпы жуа салды да, дастарханға келіп жайғасты. Үн-тұнсіз отырып бір-екі кесе шай ішті ме, ішпеді ме, астынан су шыққандай тез тұрып кетті. Атасы мен әжесі қою күрең шайды сораптап қойып, өзара шүйрекелесіп ұзақ отырды.

– Тіл білмегеннен кейін түсінісу де қын екен-ау! Мейірінді де сездіре алмайды екенсін! – деді кемпір

немересіне көз қызығын қадап, – Байғұс балаға, әбден обал жасапты гой!

– Обалы әкесі мен шешесіне де... – деді шал дүнк ете түсіп. – Кәпір қылып жіберіпті!..

– Құдаларың да жетісіп тұрған жоқ қой!

– Солардың тәрбиесін көрген бұл кайдан онсын! Ал сен жұмған аузыңды ашпа дейсін, осының көріп-біле отырып қалай сейлемейсің! Қалай қүйінбейсің! Әйтпесе, мен сол өз баламды жек көреді дейсін бе?!. Ал енді мынау не?!. Өзінің туған немеренмен өз тілінде түсінісе алмау деген не сүмдүк! Бұндайды бұрын-сонды көріп пе едің? Ел-жұрт артын ашып құлетін болды гой!..

– Қазір біреуге біреу құлетін заман ба?!. Ел не демейді, не десе, о десін! Кімнің аузына қақпак қоярсың!

– Иә, оны да қойшы, айтса айта берсін! Қашанғы айтар дейсің! Бәрінен де бұрын өзіміз мақау болып қалдық қой!.. Әй...

ІІғыбай ақсақал қолын бір-ақ сілтеді де, жаймен көтерілп сыртқа беттеді. Даниял ілесе шықты.

Күн шайдай ашық. Ауада аздаған сыз бар. Атасы малдарды ашық қоршауға шығарып қойыпты, жақындаған келгендерінде көрді: екі қой қозданапты. Біреуі талтайып тұра қалып жаңа туған жас қозысын емірене емізіп тұр, екіншісі бір орнында тұра алмай сырғақтап жүр. Қозысы тәлтіректей басып, сонынан калар емес. Атасы шарбақ қоршаудың ішіне кіріп, жаңағы қашып жүрген қасқа қойды желке түсынан шап берді де, басын бұтының екі ортасынан еткізіп жіберіп, мықтап ұстап тұрды. Қозысы тәлтіректеп келіп емшек түсына тұмсығын тыға беріп еді, тағы қозғалақтап кетті. Емізер емес. Тыныш тұрар түрі жоқ. Қозыны қолына көтеріп алып, қойдың арт жағына үйкелеп-үйкелеп алды да, қайтадан коя берді. Сонда да манайларат емес. Әбден ыза болған ІІғыбай ақсақал қойды алып ұрды да, үстіне қырғидай төне түсіп, қозының аузын емшекке тақады. Сонда барып қара қозы жайлап еме бастады. Осылай әбден әуреге түсken ақсақал қозының ішіне ел қонды-ау деген кезде орнынан тұрып, қойды тұрғызып жіберді. Жас төлді көтеріп ауыз үйге алып келді де, үлкен кардон жәшіктің ішіне салып қойды. Шаршаған қозы дыбыс шығаруға да шамасы келмей, аяғын бүгіп жіберіп жата кетті.

Атасы үйге кіріп кетісімен Даниял көрші үйдің шағын дүкеніне қарай жүгіре жөнелді. Өзінен бірер жас үлкендігі бар ұзын қара бала сауда жасап тұр екен.

– Говори, – деді бұл ішке кірісімен, – что тебе нужно?

– Натуральный сок... Яблочный есть?..

– Есть, конечно, есть... Что еще?..

– Чипси... кериешки...

– Еще?..

– Колбаса... сыр...

– Всё?

– Чёрный хлеб есть?

– А, нет!

– Тогда две штуки «Соверена» дайте.



— Хорошо! — Қара бала айтқанының бәрін бір пакетке салып берді де, калькуляторды басып-басып қалып.

— Две тысячиен тенге... — деді сак еткізіп.

Даниял сөзге келген жоқ, жан қалтасынан су жаңа он мың тенгелікті сұрып алғып, қолына ұстартты. Қара баланың көзі күлімдеп кетті. Сегіз мың тенгесін шытырлатып санап берді де:

— Приходи еще,— деп ерекше ілтиппатпен шығарып салды.

Ол алдымен екі тал темекіні жанқалтасына ұқыпташ салып алды да, заттарын көтеріп үйге қарай тартты. Келсе, атасы төржактағы құрақ көрпенің үстінде демалып жатыр екен. Бұны көріп басын көтеріп алды.

— Эй, шо?.. — деді өзінше орысшалап.

Даниял пакеттегі заттарын шығарып, біргіндеп үстелдің үстінен коя бастады.

— Эй, мыналарың не, одан да ет жеп, ағарған ішпейсін бе? — деп келе жатты да, немересінің қазақша түсінбейтіні есіне түсіп, тілін тістей алды.

Түстен кейін атасы үйдегі қозыны енесін емізіп көру үшін алыш шықты да, енді өзі де бауырына алатын шығар деген үмітпен шарбак кораның ішіне қоя берді. Қасқа саулық қозысын алдына келсе сүзіп, артына келсе теуіп, маңына жолата қоймады. Аш құрсақ қозы сонда да қоймай, тәлтірендей басып барып, енесінің арт жағына тақай берген. Қүліл саулық аяғын екі-үш қайтара сермелеп қалды, қозы жалп ете түсті. Соққы базынан қатты тисе керек, сол жатқаннан тұра қоймады. Тіпті қозғалар емес. Мұрдем қатқандай сұлық жатыр. Ақсақал жүгіріп келіп қозыны жерден көтеріп алды да, үйге апарып, жәшіктің ішіне кайтадан жатқызып қойды. Тұргызып көріп еді, түк шықпады. Мұлде қымыл-қозғалыссыз қалған, басыбызың етеді. Бірақ бойынан әлі жан шыға қоймаған, танауы пыс-пыс етіп, ақырын дем алыш жатыр. Еш қайран қыла алмасын сезген ақсақал байқастап біраз тұрды да, шығып кетті. Келе сала қасқа саулыққа ала қөзімен ата қарады: «Ендігі кезек сенікі. Құрбан айтта құрбандықша шалармын!». Ол оны қайдан ұқсын, түк болмағандай көк шүтпен бас алар емес.

Мал суарды, кора тазалады, ақырға қайыра шөп салды. Бұл жұмыстар Даниялға ұнай қойған жоқ, кежегесі кейін тартып, келмей жатып жалыға бастады. Не бір уақ ойнайтын бала да жоқ. Қунделікті бітпейтін бір шаруа, қүйік тірлік. Мал суарысам деп жүріп, мұз үстінде тайғанақтап, құдыққа құлап түсे жаздады. Абырой болғанда, атасы жанында тұр еді, ұстап қалды. Әйтпесе, құдыққа құлап, құрдымға кетер еді. «Бұндай жерде адамдар қалай тұрлып жатыр?!.. — деп ойлады ішінен, — Кызықтайтын да дәнене жоқ! Бар-жоғы малдың сонында салпаңдап жүріп күн өткізу. Таң атқаннан кеш батқанша жағдайларын жасап, балаларындағы бағып-қағады, баптап-күтеді. Малмен бірге өздері де мал бол кеткен сияқты».

Ақшам әлетінде малды жайғап, үйге кірсе қозы өліп қалыпты. Атасы оны тау жаққа апарып көміп таставады. Даниял кешкі тамақты тез-тез ішіп алғып, теледидардан

шетелдік әншілердің шуылдақ әндерін тыңдал жатқан. Аздан соң атасы келді де, теледидардың құлағын бұрап, басқа арнаға бұрып жіберді. Әнші Макпал Жұнісова ән айттып жатыр екен, соған койып койды. Даниялдың қараптан қарап жыны ұстады. «Мен көріп жатырмын ғой, неге ауыстырасыз!» деп салғысы келді, бірақ бәрібір айттып түсініде алмасы есіне түсіп, қалта телефонын қолына алғып, пештің түбіне барып, тоңтеріс жатып қалды. Әсем әнді құлағы шалған әжесі де жетіп келіп, шалының қасына тізе бүкті.

*Сағындым-ау, сағындым,
Көздеріңді сағындым.
Сағындым-ау, сағындым,
Сөздеріңді сағындым.
Сағындым ғой күлкіңді,
Дауысыңды сағындым!..*

— Шіркін, келістіріп айтады ғой! — деді Ығыбай ақсақал ризашылығын жасыра алмай. — Әнші болсан, осынданай бол!

— Иә, жақсы айтады. Дауысы құлаққа сондай жағымды, жүрекке жылы тиеді ғой! — деді бәйбішесі де қостай кетіп.

— Бұл ән Заманбек марқұмға арналған дейді ғой!

— Обал болды, қазақтың бір аптал азаматы еді ғой! Өзін-өзі үш рет атып өліпті ғой, соншама не көрінді екен?!

— Ей, сен де соған сеніп жүрген...

— Әненекүні телебезерден айтты ғой!..

— Эй, қойшы-еї, басымды ауыртпай, эн тыңдайык!..

Бибіжамал шешей жым болды. Даниял қалта телефонын әрі бір, бері бір шұқылап жатты да, одан да жалықса керек, еппен тұрып, тықыр-сықырын білдірмеуге тырысып, есікті жайлап ашып, сыртқа шықты.

Ай жарық, қара аспанда жүлдышдар жымындаиды. Құн салқын тартыпты, бойы тоңазып, денесі діріл қақты. Ол төнірекке бажайлай көз салды да, шөп кораның арт жағына қарай жүрді. Салтатты біреу өтіп бара жатыр екен, бұған жалт етіп бір қарады да, жөніне кете барды. «Кеш батқанда нағып жүр екен?!» — деп ойлады іштей. Жан-жағына жалтақ-жалтақ қарай жанқалтасынан шылым алыш тұттатты. Біреу-міреу көріп қоятында түтінін ішіне қарай сорып, темекісін қос қолымен бүркемелей түседі. Баяу есекен салқын самал болмаса, төнірек құлаққа ұғран танадай тып-тыныш. Кенет қара тунді қақ жарғандай:

— Дәниәл... Дәниәл... — деген атасының аңы даусы шықты. Қапелімде не істерін білмей қатты сасқан Даниял қолындағы шылымын лактыра салды. Темекінің тұқылы мал кораның жанында шашылып жатқан шөп-шаламның ортасына топ ете түсіп, қызара сығырайп жатты. Оған мойын бұрып қаруға Даниялдың мұршасы да болған жоқ:

— Чё... я здесь!.. — деп атасына қарай жүгіре жөнелді.

— Эй, шо! — Атасының «Сен не істеп жүрсін?» дегенін айтқызбай түсінген ол:



— Я... я, просто гуляю... — Атасы оның сөзін түсінбейтін болғандықтан, жауабына да мән берген жок.

— Дабай, кәди! — деді даусын көтеріп. Немересі жанынан ете бергенде темекінің иісі бұрк ете қалды. Ақсақалдың түсі бұзылып кетті. Бірақ, қапелімде не істерін білмей, аз-кем уақыт мен-зен күйде менірейп тұрып қалды да, кеудесін кере ауыр күрсініп алыш, жатын болмеге кірді.

Бәйбішесі төсек салып жатыр екен, шалының қас-қабағындағы өзгерісті бірден байқады:

— Тағы не боп қалды? — деді үрпие қарап.

— Ештең!.. — Қызық қайырды.

Енді тіл қатса жекіп ала жөнелетінін сезген кемпір көмейніне кептелген сауалдарды сыртқа шығара алмай, сілекеймен бірге жұтып қойды.

Ақсақал көпке дейін көз іле алмады. Эрнені бір ойлап, дөңбекши берді. Бір кезде ақырын орнынан тұрып, пысылдаш ұйқыға басқан немересінің киімдерін ас үйге алып шығып, қалталарын карай бастады. Телефон, фанарик, сағыз, шоколадтармен толтырып алыпты. Бір кезде күрткесінің жанқалтасына қолын сала беріп, жылан ұстап алғандай, тұла бойы түршігіп кетті. Темекі екенін саусағымен-ақ сезді. Алып қарауға дәті шыдамады да, жұмырығына қысқан бойы терезені ашып, далаға лақтырып жіберді. Тершіген маңдайын алақанымен сипап еді, темекінің іісі мұрның қытыктады. Түшкіріп-түшкіріп жіберді. Қатты шықканы сондай, бәйбішесі шошып оянып, қасына жетіп келді.

— Неге үйіктамай жүрсің? — деді көзін ашып жұмып.

— Үйқым келмесе, өл деймісің!.. — деп айғай салды.

— Саган сөйлемеме керек пе, енді! — Бәйбішесі кері бұрыла берді.

— Сөйлеме!.. — Даусы қатты шықты.

— Өй, мынаған не болған, өзі?!..

— Эй, так әкенің аузын...

Кемпір қайыра тіл катпаған күйі көрпесін тас бүркене жатып қалды. Ақсақалдың бойын ашу қысып, кеудесін ыза кернеді. Немересін жұлқылап оятып, та-банда сазайын бергісі келіп бір оқталды да, ойланып тұрып қалды. «Не істесем екен, ә?!.— деп қояды іштей күбірлеп,— Мен бұны түземек түгілі, ойымды айтып жеткізе де алмаймын ғой! Одан да әкесі келгенде түсіндіріп көрейін, өзі жөнге салар! Әйтпесе, менің айтқанымды құлағына ілер дейсін бе, бұл кәпір!»

Ашын ақылға жендіре білген ақсақал қас-қабағы салбырап, түндей түнерген қалпында төсегіне келіп кисайды. Өзегіне шоқ түсіп, күйдіріп бара жатқандай шыбын жанын шыжғырды. Үйқысы да қашып кетті. Басынан бәрін ысырып тастағысы келсе де, шымшытырып ойлар шырмауықтай шырмап, маза берер емес. «Біздің ұлдан да бар-ау! — деп қояды, — Інжық неме... Басқа емес, өз әйеліне де сөзін өткізе алмайды. Бар билікті соның қолына ұстатьп қойған. Неге екенін түсіне де алар емеспін. Ақшаны да бір кісідей табады, жағдайы да жаман емес, үйден үй, машина-

дан машина ауыстырып жүр. Ендеше неге қатынының алдында сонша бүгежектейді?!. Тіпті осы екеуінің қалай табысқанына да таңым бар. Біздік орысша жа-рытпайды, ал келін бір ауыз қазақша білмейді. Қызық. Онысымен қоймай балаларын да орысша тәрбиелеп келеді. Енді мынаны қазақ деп қалай айтасын, қазакы иіс мұрнының ұшына да бармайды. Жүріс-тұрысының бәрі ішіңе конбайды, біртүрлі сұйық... Эй, осының бәрі сол ана Ынжық ұлдың кесірі ғой!.. Отбасында кімнің билігі үстем болса, балалардың тәлім-тәрбиесіне соның ықпалы күшті болады ғой!.. Мынаны мен қалай өмірімді жалғар үрпағым бар деп айта аламын. Ал бұдан тараған үрпақ кім болмақ?!. Сонда менің үрім-бұтағым барабара басқа ұлтқа сініп, ұлттығынан ажырап қалмақ па?!. Ай... ай... «Көресінің көрмей көрге түспейсін!..» деген осы екен ғой!.. Ұл келсін, ашық сөйлеспесем болмас! Осы уақытқа дейін мына кемпір де аузымнан қағып, айтартымды айтқызбай келді емес пе! Енді батырып айтпаса болмас!..»

Жүргегі шаншып ауыра бастады. Алақанымен жайлап үкалап қояды. Сөйтіп жатып, көзі ілініп кетіпти. Тарсылдаған дыбыстын шошып оянды. Сасқалактап ауызғы үйге дамбалашаң атып шықты. Өлдебіреу терезені сындырып жіберердей жуан жұдырығымен ұрғылап тұр. Бір жамандықтың болғанын сезгендей жүргегі дурс-дұрс етіп аузына тығылды. Көршісі Көшербай екен.

— Өрт... өрт... — дейді бар дауысымен айғайлап.— Өрт... кора... өрт...

— Не дейді?!. — Ақсақалдың есі шығып кетті. Не істеп, не қоярын білмей, жандалбасалап дамбалашаң есік алдына атып шығып, корасының өртке оранғаның көріп жалаң аяқ тұра жүгірді. Көшербай жанына жана-са беріп:

— Ақсақал, бұның не, мына түрізбен не істейсіз, киініп шығыңыз! Мен көршілерді оятайын! Әйтпесе сіз бен бізге мына өртті өшіру қыынға соғады, — деп бір-екі ауыз тіл қатты да, қалбаландап жүгіре жөнелді. Соның арасынша Көшербайдың ер жетіп қалған екі баласы — Қанат пен Жанат жетіп келді, қолдарында су тола кәтке мен шелектері бар.

— Қораның есігін ашындаршы... Малды шығарындаршы, малды...

Табанынан сыз етіп барады, сонда барып өзінің жалаң аяқ тұрғаны есіне түскен ақсақал үйге қарай тұра жүгірді. Алдынан бәйбішесі қарсы жолықты. Оған қараған да жоқ, жанынан қағып-соғып ете берді. Тек:

— Өрт... кора... өрт... — деуге ғана мұршасы келді. Жатын бөлмеге алқын-жұлқын кірді. Немересі пырыл-дап үйіктап жатыр.

— Әкенің аузын үрәйін, тұр! — деп айғай салды да, көрпесін жұлып алып, май жамbastan ондырмай бір тепті. Даниял алақтап атып тұрды.

— Эй, дабай! Бажар... Бажар... — Ақсақалдың аузына басқа сөз түсер емес, апыл-ғұптың киінді де, аяғына етігін коңылтаяқ сұға салып, кайтадан атып шықты.

Кора лапылдаш жанып жатыр. Қанат пен Жанат көк дөнен мен екі сиырды бұзауымен шығарып алыпты.



Отқа оранған қой қораның да аузын ашып үлгеріпті, бірақ бірде-біреуі сыртқа шыға қоймаған. Ақсақал жүгіріп келіп, қораның ішіне қойып кеткісі келді. Бірақ, Қанат алдын кес-кестеп бөгей берді:

— Ойбай, ақсақал, қойыңыз. Қойдан жанының артық па, күйіп өлесі! Қөрмейсіз бе, от жалмамаған жері жоқ, енді кірсөніз, шықпай қаларының айдан анық! – деді жанұшырып.

Аузын жиып алғанша болған жоқ, қой қораның табесі опырылып ортасына бір-ак түсті. Қызыл жалын лап етіп, көкке көтерілді. Төңірек жап-жарық боп кетті.

— Қой... қозы... — Ақсақалдың дауысы дірілден кетті.

— Малды қайтесіз, өзіңіздің аман қалғаныңызға куанбайсыз ба? Жаңа кіріп кеткеніңізде ғой, шипаңыз бітер еді! – деді Қанат жанталаса су шашып жатып. – Қөрер жарығының бар екен!

— Эй, иә, рас-ая, ә!..

Ақсақал не құлерін, не жыларын білмеді. Өзінің аман қалғанына куанса да, қойларының бірі қалмай өрт құшағында қалғанына іші удай ашыды. Бірақ, оны ешкімге білдірмеуге тырысты. «Қораның үйден қашықтау болғаны жақсы болды-ау! Әйтпесе, мына жалын үйді де жалмар еді!..» деген ой санасында жылт етіп, өкініші су сепкендей басылды.

Әне-міне дегенше, адамдар да жиналып қалды. Ауылда өрт сөндіретін машина атымен жоқ. Біреулері су тасып, біреулері шашып, енді біреулері үстеріндегі киімдерін шешіп ала салып, отты ұрғылап, өшіруге кіріскең. Қарап тұрған ешкім жоқ. Абыр-сабыр, бәрі де апылыс-ғұптылыс үстінде. Ауылдың тайлы-тұяғына дейін қалмай жабылып жүріп, таң ата өртті де сөндірді-ау! Бірақ, мал қора мен шөп қора түгелдей жанып кетті.

Ел кетіп, абыр-сабыр басылған соң, кемпірі мен немересі үшеуі үйге кірді. Жанталасып жүріп есінен шығып кетіпти, оңаша қалғаннан кейін түндегі оқиға ойына оралып, қаһарына қайта мінді.

— Бәрін бұлдірген сенсің, екенің аузын ұрайын!

— Ақсақал ақырып қалды да, немересіңің жағынан шапалақпен шарт еткізіп тартып-тартып жіберді.

— Что я сделал? – Даниялдың көзі ақшиып кетті. Жанары жасаурап, иегі кемсөң қақты.

— Әкеніңі... – деп тағы тап берді. Кемпірі шалының көтере берген қолына жармаса кетті.

— Саған не болған?!.. Ақылыннан адасқаннан сауымсың. Қаршадай қаланың не жазығы бар? – деді шыр-пыр болып. – Қызықсың!..

— Осының кесірі... – Ақсақал ашып ештеңе айта қоймады. Кемпірінің жүргегін ауырткысы келмеді. Тек немересіне алая қарап: – Иттің баласы... – деді кікініп.

– Бұл не істепті?!.. Не бұлдіріпті?!.. Не болды сонша?!.. Өртегер кораң өртенді. Енді соны да осыдан көрмексін бе?!

— Осы, иттің баласы...

— Сен шал шынымен алжыын деген екенсің!..

– Эй, жапшы-ей аузынды!.. – деді ақсақал орнына отырып жатып, – Жетер!..

Кемпірі сөзін сап тиді. Дастархан басында да тоңтеріс томсырайып отырды. Бойларына ас бата қоймады. Даниял мұлде нәр сыйбады. Аузы-басы бүртишп, қөгеріп-сазарған қалпында бір орнынан қозғалмай қатты да қалды. Оның бұл қылышы атасының қытығына қайта тиді.

— Мынау бала емес, пәле! – деді ақсақал оған сүстия қарап, – Отырысын қарашы иттің баласының... Бәтшагардың көзі жаман...

– Бұл өзі кімнің баласы? – деді кемпірі шыдай алмай, – Сонша тілдеп не көрінді саған?!

– Бұндай баланың барынан жоғы!.. – деді ашуызадан жарылардай боп отырған ақсақал. – Бала сыйкы жоқ!..

– Ой, саған дауа жоқ екен! Қоғындай баламен айтысып... – Қомейіне өксік тығызып, орнынан тұрып кетті.

Ақсақал ойланып қалды. Кемсөң қағып, көз жасына ие бола алмай бара жатқан кемпіріне жаны ашып кетті. «Қайтсін, тоғыз ай, тоғыз күн көтеріп тапқан баласының баласы ғой! Жанындай жақсы көреді!.. Мен де жек көреді дейсің бе, осыны?! Бауырима-ақ баскым келеді, бірақ неге екенін өзім де білмеймін, жылан сияқты сүп-сүзық! Өзінің іс-эрекеті де біртүрлі... Әйелдің жаны нәзік қой, жаманшылыққа қимайды. Қораның осының кесірінен өртөнгенін қайдан білсін!.. Білсе, бұл жылаган жылаган ба, кез келген нәрсөні жүргегіне жақын қабылдайтын адам, тіпті қызын болады-ау!.. Қой, не де болса, жүргегін ауыртпай-ақ қояйын!.. Білмей-ақ қойсын!.. Ал мынаны қарашы, атаңа нәлел!.. Талағы тарс айырылып, қасарысып отыр. Бесіктен белі шықпай жатып осындаі. Ертең, әйтеуір, жақсы азамат болып шықса, жарар еді-ау!..»

Ауыр құрсіне орнынан көтеріліп, сыртқа шыкты. Қора-қосысының құлғе айналған үйіндісі ғана үйіліп жатыр. Жалыны өшіп, мұң ұнған кіреуке жанарымен ұзак қарады. Құрсінің де күшіе түскен. Құнде кіріп-шығып жүргендіктен бе, қорасының бұндай ыстық боларын кім біліпті. Бойын біртүрлі бір қимастық сезім биледі. Оның өзіндік себебі де бар, алғаш үйленген жылы өз колымен салып еді. Содан бері де қырық бес жыл зулап ете шығыпты-ау! Ол кезде тепсе темір үзетін жігіт еді, қазір көрілік жеңе бастаған қушиған қара шал. Енді қанша өмірі қалғанын өзі де тап басып айта алмас. Қырық бес жылғы ғұмыры осы қорамен байланысты болыпты-ау! Ауылда тұрғаннан кейін қолынан мал үзілген жоқ. Бір кездері қорасына симай жататын. Күш-куаты кеміп, зейнеткерлікке шыққаннан кейін ғана ғой, мал тұяғын азайтқаны. Ана бір жылдары ұлдарының айтуымен қолындағы бар малын саудага салып жібергісі келген. Ақырындал сата да бастаған. Бірақ, бәрінен жүрдай болып, есік пен терезеге телміріп отырам ба деп, азын-аулақ алып қалған еді. Ол да жаман болған жоқ, өзіне қунделікті ермек болды. Жұмыс істеп қалған жұмыр басты пенденің қол кусырып қарап отыруы да қыын-ау! Талай рет ұлдарынан сөз естісе де, қалған малын уысынан шығармай ұстап



отыр еді. Енді міне солардың айтқанын істеуге тұра келетін мезгіл де келіп жеткен сияқты. Он кой мен бес қозы корамен бірге өртеніп, тұқымдары тұздай құрыды. Ендігі қалғаны көк дөнен мен екі бұзаулы сиыр ғана. «Бұлардың да көзін құртпасам болмас, – деді тағы да ауыр құрсініп, – Шеп-жем дайында мақ түгіл, өзіміздің жүріп-тұруымыздың өзі мұнға айналып барады. Енді қора тұрғызып емес. Оның үстінен кейінгі кездері жүрек те сыр беріп жүр. Балалардың тілегін мен құлағыма қыстырмаганыммен, Құдай қабыл алған сияқтығой!»

Осы кезде ақсақалдың маңайна ауылдың іске та-тыр ер-азаматтары жиналыш қалды. Ақылдастып-кеңесіп келгендей. Ат арбага тиеп алған отызшақты тук пен екі-үш қап жемдері бар. Қашанда сөз бастап жүретін Аманбай есімді енгезердегі жігіт ағасы тамағын кенеп алды да:

– Ағасы уайымдай берменіз, бәрінен бұрын бас аман болсын! «Бас аманның малы түгел» деген. Ел-жұртыңыз бар, өзіңіз де талай адамға қол ұшын беріп едіңіз, енді олар да қорап қалмас. Кейін қоранызды да салысуга көмектесерміз, ал әзірше шарбактан шағын да болса коршаша жасап берейік. Жем-шөпке де аландамаңыз, әркім қал-қадірінше жәрдем берер. Жер аяғы кеніп, көк те шығар күн алыс емес кой! – деп жон-жорасын айтып жатыр.

– Жок, бәріңе рахмет! Ниет-пейілдеріңнен айналайын! – деді қарт жанындағыларға жағалай көз тастап, – Ештеңеге әуре болмандар! Коршандың да, шөптің де керегі жок! Қалған малды да сатамын!...

– Койыңыз, өзіміз көмектесеміз ғой! – деп Аманбай сөзін қайта жалғай беріп еді, ақсақал жұлып алғандай:

– Қарағым, мен айттар сөзімді айттым, енді қинамаңдар! Шынымен көмектескілерің келсе, тездетіп мына малды алатын адам тауып беріндер! – деді нығарлай сөйлемеп.

Қыңыр шалдың алған бетінен қайтпайтынын жақсы билетін ауылдастары одан әрі қыстай қоймады. Аз-кем оны-мұнды әнгіме қылышып тұрды да, үйлеріне тарасты. Ешкім де батылы жетіп, «малыңызды сатып берейік» дей алмады.

Кора-копсысы өртеніп, қамкөніл болып тұрса да, ел-жұртыңың ықылас-пейіліне риза болып, бойы сергіп қалды. Қемір қорасының артжағында байлаулы тұрған екі сиыры мен көк дөненінің алдына жігіттер экелген тұктің біреуін бөліп салды да, қайтадан ішке кіріп, жатын бөлмедегі ескі диванға қисая кетті.

Содан кешкі асқа бір-ак тұрды. Немересі үйіктап қалыпты. Әжесі оятып көріп еді, ыңғысып тұра коймады. Екейі үстелдің екі жағында үн-тұңсіз отырып тамақ ішті де, төсек салып, қайтадан жатып қалды. Тағы да шақшадай басын шарадай қылған сансыз ойлар қаумалап, санасын сансыратып-ак жіберді. Түннің бір уағына дейін үйқысы келмедин, бір кезде талмаусырап жатып көзі ілініп кетсе керек:

– Әй, Ығыбай... Ығыбай... – деп тұртқілеген кемпірінің дауысынан шошып оянып, басын жылдам көтеріп алды.

– Не, не болып қалды? – деді үрпие қарап.
– Әлгі... жж... жо.. жоқ!... – Кемпірі тұтыға берді.
– Кім жоқ?
– Дә... ни... эл...
– Не дейсін?.. – Ақсақалдың түсі қашып кетті.
– Үйді үш айналып шықтым!..
– Тұрғанда бар ма еді?

– Оянсан, орнында жоқ... Сорлы бала бір пәлеге ұшырап қалмаса жарап еді-ау!.. Енді қайттік?!.. – Кемпір қыстыға жылап жіберді. – Сен де бір осы...

Ақсақал орнынан ширак кетеріліп, апыл-ғұптың киінді де, жылдам басып сыртқа беттеді. Кемпіріне сенбей үйді тағы бір айнала шолып шықты. Қарамаған жері жоқ, ең аяғы үйдің шатыры мен көмір корага да бас сұқты. Есі шығып кеткені сонша, бір көрген жерін айналып келіп қайта қарайды. Үйге кіріп шкафтың іші мен төсектің астына дейін көз жүгіртті. Жер жұтып қойғандай ұшты-қүйлі жоқ. Шынымен сасайын деді, мандайынан сұық тер бұқ ете түсті. «Қайда кетті екен, құрғыр?!. – деді бір сәт ойланған, – Қайда барушы еді, өзі?!. Келгелі әлі үйден ұзап шыға қойған жоқ! Әлде... Жо... жоқ...» Өз ойынан өзі шошып кетті.

Кенет есіне бірдене түскендей, көршінің дүкеніне қарай емпендей жөнелді. Екі өкпесін қолына алып, ентелеп жеткенін қайтсін, есігінде үлкен қара құлып тұр. Сонда ғана таң ағарып айтқанымен, уақыттың әлі ерте екені есіне түсті. «Бұдан басқа қайда бармақ? Ешкімді танымайды да. Тез тіл табыса кететін де бала емес. Қайда кетуі, кімге баруы мүмкін?!.» Ақсақалдың басы қатайын деді. Қайдан іздерін де, қайда барарын да білмей, дал болды. Құнде мал суарғанда баратын жері ғой деп, аяғын асыға басып құдық басына барып, жандалбасалап ішіне үңілді. Судан басқа ештегене көрінер емес. Ауылда бұрын қой қырқатын қырықтық болған үлкен баз бар еді, әркез ойын балалары кіріп-шығып жүретін. Қөнлі солай қарай алып-ұшты. Келсе, бұнда да ешкім жоқ. Терезелері сынған, есіктері шалқалай ашылып жатыр, әнғал-санғал. Ишіне кіріп, арнағы қазылған қой қырқатын орындарға дейін мұқият қарап шықты. Осы жерде тұрып өзі де талай қой қырықкан. Науқан кезінде бұнда қызу жұмыс жүретін. Қаншама адам енбек ететін. Қеншармен бірге бұл қырықтықтың да жаназасы шығарылған. Сол бір өткен күндердің жансыз күсіндей көрінер ескі құрал-саймандар ғана әр-әр жерде шашылып жатыр.

Бұнда да ұзак аялдай алмады. Көп ойланып жатпастан бірден ауыл клубына тартты. Бұл да казір ойын алаңына айналған. Құні бойы балалар осы жерден айналсқтап шықпайды. Кезінде бұл да үзыннан ұзак созылып жатқан еңсөлі ғимарат еді. Осы жерде тұрлі ойын-сауық кештері өтетін, кешкүрим жұрт жиналыш кино көретін. Ауыл кітапханасы да осында орналасқан болатын. Кітаптарды қобінесе осыдан алып окушы еді, газеттер тігулі, журналдар тізуіл тұратын. Ал қазір бұл ғимарат та қаңырап бос тұр. Бәрі бүлінген. Ишіндегі құрал-жабдықтары түгіл, сыртқы есік-терезелеріне дейін торап алып кеткен. Қаржы тапшылығына байланысты кітапхана жабылды да, кітаптар мен газет-



журналдарға ие болар адам табылмай, әр-әр жерде шашылып қала берді. Кейіннен кейбір тұрғындар үйлеріне тасып алып, отқа тамызық қылды.

Бұнда да әлі ешкім келе қоймапты. «Енді қайда болуы мүмкін, ә, бәтшагар?!. Қайда жүр екен?..» Өз сауалына өзі жауап таба алар емес. Үйді үйге кіріп сұраудың да ретін таппады. Не деп барады, үт емес пе, әрі ол біреудің үйіне бара қоятын бала емес қой. Ойы сан-сакка жүгіріп, санасын әбден сарсылтты.

Ауылдың шетінде өзен ағып жататын. «Жуынатаң жер іздел жүр еді, е, дәү де болса сонда кетті-ау!» Ақсақал өз ойына өзі риза болып, тағы да емпендей жөнелді.

Өзенде жағалай ұзақ жүрді. Қыбыrlаған жан жоқ. Бір кезде есіне әлдене түскендей, үйіне қарай аяңдады. «Мүмкін, өзі үйге келген шығар. Мен мына жақта құр босқа сандалып жүрген жоқпын ба?!!»

Кемпірі қалбаландап алдынан шықты.

— Не болды? — деді жаутаң қағып.

— Келген жоқ па?

— Келсе, сенен сұраймын ба, құдай-ау!.. Ойбай-ай... ойбай... Байғұс бала жазым болды-ау!.. Ой, Құдайымай!..

— Эй, не болды соншама ойбайлап... Жаманышылыққа бастамай, көз жасынды тый! Қайда кетер дейсің, табылар?! — деді өзі де дұдамал ойда тұрғанмен, сыр алдырмауға тырысып. — Мен білсем, тау-тасты кезіп кетті-ау, сол бала... Ауылдың маңайын шолып шығайын!

— Е, иә, кеше ана тауға шығып жүр еді ғой!.. Тезірек барсаңшы енді, бірдене шағып алып жүрмесін!..

Ақсақал кек дөненге ер-тоқым салып мінді де, тебініп қалып, жүріп кетті. Ауыл іргесіндегі зиратқа жақындал келеді. Кеше ғана бұл фәнидің бал қызығына батып, тіршіліктің дәм-түзын бірге татысып жүрген адамдардың көшпілігі осынау өлілер мекенінен орын алдып, төмпешіктің астында жатыр. Әке-шешесі де осында. Өз қолымен бақи дүниеге арулап шығарып салғалы да талай жылдың жүзі болған. Экесі тым ерте кетті, шешесі бертінде қайтыс болды. Үлкен ұлы да осыдан екі жыл бұрын авариядан опат болған. Келіні былтыр екі ұлын ертіп, шешесінің қолына көшіп кетті. Оның да экесі жарық жалғанмен ерте қоштасқан. Ата салтымен бауырына салып алған үлкен немересін алдып қалғысы келген, бірақ ойланған келе баланың шешесінің жанында болғанын қалап, рұқсатын берген. Әйтпесе, алдып қаламын десе ешкім де қолынан қақпас еді. Әбден бауыр басып қалған немересі де көзінен сорасы ағып, кимай қоштасқан. Олар кеткеннен кейін де көпке дейін өзіне-өзі келе алмай, екі дүниенің ортасында жүргендей беймаза күй кешкен.

Ақсақал ұлының бейітіне жақындал келіп, жерге түсті. Тізерлей отыра қалып, аруактарға бағыштап құран оқыды да, көп аялдамастан қайтадан атына мінді. Жаны жабырқап, жүргегі езіліп келеді. Жас жуған жүзін қайта-қайта қалта орамалымен сұртіп қояды. «Е, құлымым-ай, қайтейін, өлмеген соң жүрміз де құр сүлдемізді сүйретіп... Кезек біздікі еді ғой!.. Сен-

дер жылап қалсандар қандай жарасып тұrap еді-ау!.. Құдайдың сенін артында бізді қалдырып, жылатып қойғанын көрмейсің бе?!!»

Жүргегі сзып ауыра бастады. Бір кезде жаңын көзіне көрсете шаншып-шаншып өтті. Біздей сұққылағаны сонша бүктетіліп атынан ауып түс жаздады. Бар қолынан келгені алаканымен жүрек түсын укалай берді. Бірақ таркар түрі жоқ. Сұққылап әкетіп барады. «Үйреншікті ауру ғой, қайтер дейсің!» дегендей, оны елең қылмастан, маңайдағы тау-жоталардың бәрін қарап шықты. Адам түгіл, мал екеш мал да көзіне түс қоймады. Усті-басын қара тер басып кетті. «Бір пәлеге ұшырап қалмаса жарап еді-ау! – деп қояды ішінен, – Аман болса екен, өзі?!!»

Жүргегі шаншып, кеудесі қыса берген сон, азырак демін басып алмақ болып, атынан түсіп, үлкен бір жалпак жартастың үстінен шығып отырды. Ауыл алаканындағыдай ап-анық көрініп тұр. Әрлі-берлі жүрген адамдардың қарасы да көбейген. Үй жағына көз тігіп ұзак отырды. «Бибіжамал қайда кетті екен?!. Эй, қайда кетуші еді, оны-мұны жинастырып, іште жүрген шығар!.. Әлде ол да ауыл кезіп, немересін іздел кетті ме екен, ө?!!»

Ауылдың ажары тозып, базары тарқап бара жатқаны сыртқы сыр-сипатынан-ақ көрініп тұр. Тап бір жау ұшақтары бомбалап кеткен секілді. Қираған, бұзылған, иесіз қалған үйлердің қатары көбейе түскен. Истейтін жұмыс болмаған сон, жастардың көпшілігі қала жағалап кетті. Бұрын қандай еді?!. Шаттығы шалқып, ынтымағы жарасқан ауыл еді!.. Қазір ғой, берекесі кетіп, ырыс-құты азайып, жаман әдет-құлымындардың тамыр жая бастағаны. Заманмен бірге адамдардың да мінез-құлымтары өзгеріп, ұсақталып бара жатқан сияқты...

Тағатсыздынып, бұл жерде де көп аялдай алмады. Кенет қарсы жотаға шыға келген салттаттыны көзі шалып қалды да, атынъын дереу солай қарай бұрды. Жақындал келгенде таныды, Жұмабек құрдасының кенже ұлы Алмабек екен.

— Ассалаумағалейкум, ағасы! – деді ол екі қолын бірдей ұсынып.

— Ұағалейкумассалам! Молда бол, балам!

— Молда болатын жастан өтіп кеттік қой, ағасы! Қал-жағдайының қалай?

— Шүкір, қарағым, шүкір!.. Өздерің ше?

— Жақсы, ағасы...

— Қайдан келесің?

— Фалымбектің қыстағына барып келемін. Оларға азық-түлік апарып, өзімізге қой сойып әкеле жатырынын.

— Қашан барып едің?

— Ой, таң атпай шығып кеткем...

Ақсақалдың да күткені де осы еді, сөзін аяқтаппай жатып:

— Көзіңе бала түскен жоқ па? – деді асығып-аптыға.

— Мен шыққанда бір бала ана жолмен кетіп бара жатыр еді...

— Қалай қарай?



— Ана жолмен тура «Шағанға» қарай... — деді жолжакты қолымен нұсқай.

Ақсақал ләм-мим деп тіл қатпастан солай қарай тұра шапты.

— Ағасы, не боп қалды? — деді түкке түсінбеген Алмабек артынан айғайлап.

— Кейін айтам!..

Ақсақалдың тап қазір ештеңеге қарайлайтын түрі жок. Жолға түсіп алған соң көк дөненің басын коя берді. «Таң аттай шығып кетсе, қазір тұс боп қалды, біраз жер ұзап кетті-ау!.. Тезірек күып жетпесем, бірденеге ұшырап қалуы да мүмкін-ау!.. Маңайда аш касқырлар толып жүр. Тіпті тата-тал түстеге адамдарға шабатынды шығарды».

Жон арқасы шымырлап коя берді. Атына камшыны аяマイ басып, дүбірлетіп шауып келеді. Өбектеген өкпек желден жасаурай түскен жанарын алдыңғы жақтан айырап емес. Бар ойы немересін тезірек тауып, аман-есен үйіне алып қайту. Өзімен-өзі күбірлеп сөйлесіп келеді. «Нем бар еді, ұрсып, ұрып?!.. Әй, бірақ, нем жок, туған немерем ғой?!.. Оның жақсы болғаны маган да жақсы емес пе?! Әй, бірақ, әл-әзір бұның бізді, біздің бұны түсіне қоюымыз екіталағ ғой!.. Әйтеуір, осы жолы аман табылса болды!.. Егер... Құдай оның бетін аулақ қылсын! Онда... жо... жоқ... Олай болуы мүмкін емес! Жүрек өзі сезеді ғой! Жаманатқа бастап тұрса, Құдай өзі алдын-ала сезідеріді ғой!..»

Даниял шынында да ұзап кетілті. Ауылдан он бес шақырымдай шыққандаған қарасы көрінді. Келе жатқан атасы екенін алыстан танып, тұра қашты. Бірақ, қашып қайда барсын, атасы желдірмелетіп жаңына жетіп келді де, атынан түсті. Ол тағы да зыта жөнелді.

— Әй, Дәниәлжан, айналайын, мен саған тиіспеймін.

— Оның казақша түсінбейтіні есінен шығып кеткен. — Қайт үйге!

Немересінің кайрылар түрі жок. Артына жалтак-жалтақ қарай қашып барады. Әп-сәтте-ақ әудем жер ұзап кетті. Оған жаяу күып жете алмасын сезіп, атынан қайта мінді. Әбден шаршасын дегендей, біраз жерге дейін желдірмелетіп күып отырды. Бір кезде өкпесі өшіп, катты ентіккен Даниялдың өзі тоқтай қалды. Әбден кара терге малшынған, екі иығынан дем алады. Атасы дәл жаңына келіп түсіп жатыр еді, тағы қаша жөнелді. Енді ұзай қоймасын сезіп, жаяулап тұра куды. Тың күш қойсын ба, лезде-ақ күып жетіп, ұстап алды. Сонда да бұлқынып, бой берер емес. Тап бір арқасына дүре соғып жатқандай, бар дауысымен шыңғырып әлек.

— Дәниәл, ақылдысың ғой!.. Жүр, үйге қайтайық, құлышын! — деп келе жатты да, оның казақша түсінбейтін ойына оралып:

— Әй, дабай дом... Алматы пойдош!.. — деді бар білетін орысшасымен.

Бірақ немересінің оған да құлак асар түрі жок. Бар дауысымен айғайлап, бұлқынуын қояр емес. Атасы катты састы. Ақылмен айтып ұғындырайын десе тілі құрғыр жетер емес, күшке салайын десе, тағы

коркады. Бірақ басқа амал да жоқ. Қөп ойланып жатпастан қаттырақ сілкіп-сілкіп қалды да, қабағын тас түйіп:

— Дабай... — деді атын нұсқай. — Шас дом... Потом Алматы пойдош...

— Мы поедем в Алмату! — Ол қашып құтыла алмасын сезіп, әрі атасының қаһарынан жасқанып, бір сәт сабасына түскендей болды. Жылауын да, бұлқынуын да қойды. Ақсақалға керегі де осы еді:

— Да... да... Алматы пойдош. — деді көк дөненің қолымен нұсқап. — Шас дабай дом...

Не айтып түрганын қымылынан түсінген ол атасының жетелеуімен солай қарай жүрді. Ер-тоқымға оны отырғызып, өзі арт жағына жайғасқан ақсақал көк дөненің тебініп қалып, ауылға қайтар жолға түсті.

Бұлар үйге келгенде кемпірі есік алдында жүр екен, куаныштан көзінен жас парлай берді.

— Құлымын-ау, қайда жүрсін? — деді алдынан сүрінебақына жүгіріп шығып. Бірақ, немересі оның сезін түсінбеді. Не айтып түр дегендей, безірейе қарайды. Оған мән беріп жатқан әжесі жок, айналып-толғанып-ақ жатыр.

— Қайда жүр екен? — деді бір кезде шалына қарап.

— «Шағанға» баар жолда кетіп барады. Керегетастың тұсына жетіп қалыпты.

— Ойбай, көтек, не дейді!..

— Иә, солай, әрен қондіріп алып келдім. Мынау бұнда тұрақтай қоймас. Бірденеге ұшырап қалмай түрганда апарып тастау керек!

— Ойбай, қайда?

— Әй, неменеге ойбайлай бересін?!.. Қайда болушы еді, Алматыға... Келіннің әке-шешесінен...

— Құдағы қыдырып кетті деп еді ғой!

— Бір-екі күнде келеді деген... Келіп те қойған шығар!

— Қой, ұят емес пе?

— Әй, ұяттың қөкесін мына баладан айырылып қалсаң қөресін! Одан да аш құлақтан тыныш құлақ! Бұл бізге бала болып жарыта қоймас!..

— Әй, сен өзі не айтып кеттің!..

— Мен шындықты айтып тұрмын!

— Әй, бүйткен шындығың құрысын!..

— Әй, сағат бес болып қалыпты. Таң атқаннан бері нәр сызған жоқпын!.. Қөп сөзді қой да, шайынды дайында... Тілім аузыма сыймай барады... жеп қоймайын!..

— Оңды-солды сумандата бергенше, жеп қойғаның жақсы-ақ болар еді!..

Шалының әңгімесін жақтыра қоймай, қыныраяқалса да, аяғының ұшымен басып жүгіріп дастархан жайып, шай жасады. Даниялдың да қарны ашып қалыпты. Әншіейнде жей қоймайтын сары майды бауырсаққа жағып жіберіп, соғып жатыр. Қашып кетіп, елді әбігерге салып койғаны қаперіне кіріп те шығар емес.

— Мынаңың күімдерін дайындаң қой, тәнәртен жол жүреміз! — деді ақсақал шай үстінде кемпіріне бүйірақ сөйлеп. — Апарып тастамасам, ие бола алмаспый! Көзіңнен бір сәтке таса қылма, тағы қашып кетпесін!.. Кеш түсіп келеді, енді қашса, айырылдық



дей бер!.. Хамиттің немерелеріндегі ит-құсқа жем болып жүрмесін!..

– Э, ие, обал болды-ау!.. Оның бетін аулақ қылсын!..

Осы кезде тамаққа тыңқия тойып алған Даниял орнынан көтеріліп, далаға беттеді. Оның артынан ішіп отырған шайларын қоя салып, атасы мен әжесі қоса шықты. Ол дәретханаға қарай томпандаш жүгіре жөнелді. «Аузы күйген үріп ішеді» дегендегі, екеуі бірдей көз алмай қарай қалған.

Даниял дәретханада ұзақ отырды. «Осынша не болды?» – дегендегі, кос кария бір-біріне сұпаулы кейіптен қарағасып қояды. Сумаңдаған сұық ойлар қаумалап, тағат таптаған атасы жақындаш барып:

– Дәниәл... – деді жаймен ғана тіл қатып.

– Ау, – Іш жақтан қүшенген дауыс естілді. Сонда ғана барып атасының құпті көңілі орнына түскендей болды. Десе де дәретхананың маңайын айналсоктап жүріп алды.

Көп күттіріп, әйтеуір бір кезде шықты-ау! Содан ештеңеге де қарамастан қайтадан үйге кіріп, төсекке қисая кетті де, қор ете түсті.

– Байқа, өтірік істеп жатқан болуы мүмкін! Әйтпесе, қалай тез ұйықтай қалады, – деді ақсақал кемпіріне тәтпіштей түсіндіріп, – Бүгін түні бойы кезекпен қүзетіп шығамыз! Ал таңертен өртерек шығып кетеміз! Өзірше, мен қарап отырайын, сен киім-кешектерін дайындаш бер!

Төр жаққа шалқалай жата кетті. Кемпірі дастарханды жиыстырып, ыдыс-аяқты жуды да, немересінің киім-кешектерін жинастыра бастады. Қозінен тарамдалып аққан жас тыйылар емес. Іштен шыққан шұбар жылан емес пе, біргүрлі қимайтын сияқты. Шалына тоқтау айтайын десе, оның да жөнін таба алмай әлек. Бүгінгідей болса, көз жазып қалып, масқара болам ба деп те ойлайды. Сондықтан кесіп-пішип ештеңе айта алар емес. Әйтеуір, бар қолынан келгені көз жасына ерік беріп, ағыл-тегіл жылады.

Ақсақал әбден қалжыраса керек, жастыққа басы тиісімен көзі ілініп кетті. Бірсесе пыс-пыс, бірсесе пыр-пыр етеді. Түс көріп жатса керек, анда-санда «Дәниәл... Дәниәл... қайт... қайт!..» – деп сөйлемеп те қояды. Әлден уақытта шошына басын көтеріп алды да, жалма-жан немересі жаққа көз таstadtы. Оның қаннен-қаперсіз ұйықтап жатқанын көріп, қайтадан жастыққа бас қойды. Кемпірі қол орамалымен көзін сұртіп жатып, еріксіз езу тартты:

– Не болды? – деді ақырын дауыстап.

Ақсақал басын да көтермestен:

– Түс көріп жатыр екемін. Тағы қашып кетіпти! – деді сұлесок жауап қайтарып. – ұйықтап қалсам, байқай салыш!..

– Жақсы, алаңсыз ұйықтай бер! Керек болсаң, өзім оятармын!..

Әнгіме шорт үзілді. Ақсақал «кор-кор» етіп ұйқыға басты да, кемпірі жол қамына кірісті.

Кешкі асқа Даниял қыңызыланып тұрмай қойды. Атасы мен әжесі одан сайын сезіктене түсті. Тамак

ішіп, дастарханды жиыстырып, төсек салып болған соң кемпірі:

– Сен ұйқынды қандырып алдың ғой! Азырақ отыра тұр, мен сәл мызғып алайын! – деді шалына сынақтарап.

– Иә, жарайды! – деп келісе кетті ақсақал сөзге де келмestен. – Бәрін дайындаш қойдың ба?

– Иә, бәрі дас-дайын!

Сырт киімдерін шешті де, орнына барып жатты. Ақсақал бәйбішесін жаңа көргендегі оған тесіле қарал аз-кем отырды да, терең ой тенізіне сұнғіп кетті.

Екеуінің өз алдына отау тігіп, шаңырақ көтергендеріне де тұп-тура қырық бес жыл толыпты. Сынаптай сырғыған уақыт-ай десенізіші, көрген түстей зымырап өте шығыпты! Ол кезде мөлдіреген жапжас қыз еді, қазір жүзін әжім торлаған қара кемпірge айналған. Жарты ғасырдай өмірін бірге өткізді, жақсылықты да, жаманшылықты да көрді, баршылықты да, таршылықты да бастан өткеді. Өзіне ақ-адал жар, ұлдарына мейірімді ана болды. Мінезі де сондай ашық, сабырлы, төзімді, ақылды әйел. Тек үлкен ұлының қазасы өмірін ойран-асыр етіп, жан-жүрегін ондырмай жаралап кетті. Содан бері құндіз-тұні қозінен жас құрғамайтын болды. Қазір ешкіммен ғашылып сөйлесе бермейді, томага тұйық жүреді. Онашада ой карман, мұңға батып отырады. Мына жалған дүниеден көңілі сүй бастаған сияқты. Артық-ауыз сөз түгіл, әзіл-қалжынды да көтере алмайтын болды. «Енді қайтсін, – деп қояды іштей құбірлеп, – Баласының артында қалу кімге онай тиеді дейсің?! Өлмеген соң жүрміз ғой әйтеуір, сары сүйегімізді сүйретіп. Ее... еее... көрер азабымыз бұл ғана емес екен. Үлкен ұлдан өлідей айырылдық, ал кіші ұлдың көрсетіп отырған шылжығы мынау!.. Тұған немеремізден тірідей айырылып... жо... жоқ... сұнып... ол бізден безініп, біз одан... жерініп отырмыз!.. О, тобағай!.. «Көресінді көрмей, көрге түспейсің!» деген осы да».

Кейінгі кездері ынқыл-сыңқылы көбейе түскен кемпірін оятуға қимай, не де болса осы тұнді ұйқысыз өткізуге бел байлады. Бірақ, ойлағаны жүзеге аса қоймады, тұнгі үштердің кезінде бәйбішесі өзі тұрып алды.

– Шаршап жүрсің ғой, демала берсөңші! – деген сөзіне де құлақ аса қойған жоқ.

– Жол ұзақ, қайта бірер сағат болса да өзің тынығып ал! – деді жанашырық танытып.

Кемпірінің сөзін құп көріп, төсегіне жантая кеткен, көзі ілініп кетіпти.

– Шал-ау, тұр, уақыт болды! – деген дауыстан оянып кетті.

Жаңа ғана жатқан сияқты еді, таң атып қалыпты. Дастиархан жасаулы тұр. Әншейінде түске дейін ұйықтайтын Даниял да тұрып алған, екі езуі екі құлағында, тойған тұлкідей жылмаң қағады.

Жұнынып-шайынып, шайларын ішіп алды да, сыртқа шықты. Әжесі немересімен қимай қоштасып, бауырына қыса солқылдаш тұрып жылады. Ақсақалдың да көңілі қатты бұзылды, жүрегі шаншып-шаншып өтті.



Әкімшілік ғимаратының алдында ауыл мен аудан арасына қатынайтын көк микроавтобус күтіп тұр екен. Жолаушылардың да қарасы аз емес, лезде толып қалды. Қаба сақалды жүргізуі автобусты бір-екі мәрте бебілдегі де, орнынан қозгала берді.

Аудан орталығындағы автобекеттен түскі ас ішіп алып, бесін кезінде Алматыға баратын үлкен ақ автобусқа келіп отырды. Жол бойы ақсақалдың жүргегі сыйзап ауырып, кеудесін қысып, әбден мазасы қашты. Ертеңінде таңғы алтылар шамасында өліп-талып Алматыға да келіп жетті-ау! Даниял тағы да таң атпай оянып алды. Қуаныштан жузі бал-бұл жанып, көкшіл көзі күлім қағады.

Такси ұстап, бірден құдаларының үйіне тартты. Күн жексенбі болғандықтан үйқыдан әлі тұра қоймапты. Қонырауларын бебеу қақтырып, әрең оятып алды. Алдымен құдағыны, артынан құдасы көрінді. Даниял жүгіріп кіріп, алдымен нағашы апасын, сонаң соң нағашы атасын бас салды. Құшактасып-сүйіспін, мәрсәре болды да қалды. Өзара емен-жарқын шүлдірлесіп те жатыр.

– О, куда, калиниз калай? Амансыз... ма? – деді секпіл бет сары құдағыны. Ал құдасы мойнына асылған жиенін құшақтап тұрған бойында:

– Здравствуйте! – деді мұрнынан мінгірлеп.

Ақсақалдың жыны ұстады. Кері бүркіліп тайып тұрғысы келді де, ұтты ойлап, өзін-өзі әрең тоқтатты. «Так әкенінің аузын ұрайын!.. Сенің тәрбиенде көрген мынау кайдан онсын!» деп койды ішінен бір сыбап альп. Құдағыны асты-устіне түсіп, бәйек болып-ақ жатыр. Оның өзі қазақ тілін шала-шарпы біледі, ал құдасы мүлде мақұрым. Іс-әрекетінен қазақылықтың иісі де сезілмейді.

– Калай жеттиниз... куда? – деп құдағыны жөн сұрап жатыр.

– Жақсы жеттік! – Қысқа қайырды.

– Журсенизши... кирсенизши!..

Құдағыны табалдырық жақта состып тұрып қалған ақсақалды залға ертіп кіріп, жұмсақ диванға жайғастыруды да, телевизорды қосып беріп, өзі шай қамына кірісті. Құдасы ләм-мим деп тіл қатпастан жиенімен қоса секендей ойнап кетті. Бірақ оның барынан-жоғы жақсы емес пе?!. Екеуі тілмаш арқылы болмаса, сөйлесе де алмайды. «Осында мақұлықтың кызын кайдан тауып алған?!» – дейді ұлына сырттай кіжініп. Келген сайын көретін күні осы. Құдасы тіл білмеген соң тартына ма, жоқ әлде, өзінің мінезд-құлқы солай ма, орысша амандасады да, зым-зия жоғалып кетеді. Тап бір жеп коятында-ақ маңайына жуымайды. «Менсінбейді ме» дейін десен, өзі шопыр, ұлының айтуы бойынша, мектептің өзін әүпірімдеп әрен бітірген. Соган қарағанда адамдық болмыс-бітімінің шамашарқы осы болса керек.

Шай дайын болған кезде ғана дастархан басына келді. Алыстан ат арытып құдам келіп отыр-ау деген ой каперіне кіріп те шығар емес. Даниялды жанына отыргызып алып, аузына жылы-жұмсақ пен тәттіні тыққыштап, соған жағдай жасаумен болды. Ол да нағашы атасына еркелеп, аузы-аузына жұқпай,

әлденені әңгімелеп, мәз-мәйрам боп отыр. Анда-санда құшақтап, бетінен сүйіп қояды.

Ақсақалдың қөнілі актүтек борандай алай-дүлей болды да кетті. Қеудесін қызғаныштың қара мысығы тырналап өтті. Ашу-ызасы қайта қозып, қаны басына шапшыды. «Иттің балаларының жараса қалуын қарашы!» – деді жақтырмай. Ас та бата қоймады. Алды-артына қарамай тұра қашқысы келді. Ар-ұтты ойлап, өзін-өзі зорлағандай бір-екі кесе шай ішті де, құдағының қолқалауына да қарамастан қош айттысып, шығып кетті. Құдағыны самбырлай сөйлеп жүріп, лифтіге дейін шығарып салды, ал құдасы «Досвидание!» деп дүнк етті де, жиенін ойнатқан күй үн-түнсіз қала берді.

Лифтінің есігі тарс етіп жабылған сәттен-ақ ақсақалдың жүргегі шанши бастады. Миы солқ-солқ етіп, басы зеніп коя берді. Ауа жетпей, кеудесін қысып, тынысы тарылып, демікті де қалды. Қөзі қарауытып, құлағы шыңыллады. Есік алдына шыққанша демі үзіліп кетердей жан тері шықты.

Екі-үш қадам жүрді де, немересі балконнан қарап тұрғандай көрініп, елеңдегі артына бүркілді. Қөнілі алдапты. Адам қарасы көрінер емес. Немересін алыстан болса да бір көріп кетуді ойлап, балкон жаққа телміріп ұзақ қарады. Қандай күштің тартып тұрғанын өзі де біле алар емес, әйтеүір, аяғына біреу ауыр қорғасын байлап қойғандай, тырп етпестен қатты да қалды. Ашуға бой алдырып, бетінен де сүймей, қоштаспастан шыға жөнеліпті-ау! Кенет немересінің нағашы атасымен итше жаласып жатқаны көз алдына елестеп кетті де, қөнілі сендей бұзылып, бұл арадан қарасын тезірек батыруды ойлап, аялдамаға қарай асыға адымдады. Арт жағынан немересі нағашы ата-апасына қосылып, сақсақ күліп, мазақ қылып тұрғандай көрінді. «Шіріген жұмыртқа... Шіріген жұмыртқа! – дей берді іштей күбірлеп. – Шіріген жұмыртқа». Оны кімге қаратып айтқанын өзі де анық ажыратса алмады.

Айтуын айтқанмен, кеудесін бір кимастық сезім билеп, көмейіне өксік тығылды. Мандайынан сұық тер бүрк ете қалды. Тұла бойынан жас сорғалап жатқандай, жейдесі лезде-ақ қара терге малшынды. Жүргегі кеудесін тесіп шығардай сұққылап, жанын мұрнының ұшына келтірді. Жанарына тығылған ыстық жасқа ие бола алмай, жас балаша қыстыға жылап жіберді.

«Е, ит тірлік-ай!.. – деді кеудесін кере ауыр күрсініп.

– Итшілеген өмір-ай!..»

Бар дауысымен ашына айғай салды. Қөзі қарауытып, жүргегі қатты шаншып-шаншып жіберді. Осы сәт жердүние шыр айналып кеткендей болды... Не болғанын өзі де андай алмады, әйтеүір бойынан әл, кеудесінен жан шығып бара жатқандай, денесі былқ-сылқ етіп, кос тізесі бірдей бүгіле берді. Қезді ашып-жұмғанша етпеттей құлап түсті. Қара шан бүрк ете қалды.

Сол сәт төніректі қап-қара түнек басты. Қарт құлаған жер өзінен-өзі ойылып жүре берді, алдымен шынырау шұңқыр, артынша-ақ алып құбыр пайда болды. Ығыбай ақсақал сол құбырдың ішімен жеті қат жердің астына қарай құлдилап бара жатты...